



## Мектеп директорларына

Аудандық білім бөлімі Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының 2026 жыл 16 ақпандағы №02-720 хатына сәйкес ағымдағы жылдың 16 сәуірінде «Заманауи ауыл мектебі контексінде оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектін дамыту: теория, тәжірибе, нәтиже» тақырыбында онлайн режимінде республикалық ғылыми-практикалық конференциясы өтеді.

**Конференцияның мақсаты:** ауыл мектептерінің басшылары мен педагогтерінің зерттеу мәдениеті мен көшбасшылық қасиеттерін дамыту, ауылдық жалпы білім беретін мектеп жағдайында оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектін дамытудың тиімді тәжірибесін талқылау.

### Міндеттері:

- ауыл мектептері жағдайында оқушыларының сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектін дамытудың өзекті мәселелерін талқылау;
- қалалық және ауылдық мектептердің оқыту сапасы арасындағы алшақтықты азайту бойынша тиімді педагогикалық тәжірибелерді зерделеу;
- мектеп жағдайында балалардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектін дамыту бойынша білім беру ұйымдарының инновациялық тәжірибесін жүйелеу және тарату;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз етудегі психологиялық ғылымның рөлі мен орнын, оқушылардың сыни ойлауы мен эмоциялық интеллектін дамытуды талқылау.

Конференцияға қатысуға қазақстандық және шетелдік ғалымдар, Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының қызметкерлері, облыстық әдістемелік орталықтардың, қалалық/аудандық әдістемелік кабинеттердің басшылары, әдіскерлері, ПШО филиалының жаттықтырушылары, білім беру ұйымдарының басшылары, республика көлеміндегі ауыл мектептерінің педагогтері шақырылады.

Осыған орай, конференцияға қатысу талаптарын педагогтердің назарына жеткізулеріңізді сұрайды.

Конференция материалдары қосымшада берілген.

Қосымша: 3 бет.

Басшының м.а.

Б.Самылтыров